

## **Хабарландыру**

Астана қаласының «Педагогикалық шеберлік орталығы» дербес білім беру үйімінде 2024 жылғы 15 қарашадан бастап 2024 жылғы 29 қарашаға дейін Астана қаласы Педагогикалық шеберлік орталығының қызметкерлері үшін Астана қаласы, Сембинов көшесі, 7 үй, 70 пәтер мекенжайында орналасқан босатылған екі бөлмелі қызметтік тұрғын үйді бөлуге құжаттар қабылданады.

Қызметтік тұрғын үй беру Ережелерімен және қызметтік тұрғын үйді алуға тапсырыс беру үшін құжаттар тізімімен [www.nis.edu.kz](http://www.nis.edu.kz) сайтында таныса аласыздар.

Қызметтік тұрғын үйді алу үшін үміткерлерден өтініш және құжаттар жиынтығы 2024 жылғы 29 қараша күні 10.00 сағатқа дейін Астана қаласы, Хусейн бен Талал, 21/1 үй, 5-қабат, № 503 бөлме (ПӨО) мекен жайы бойынша қабылданады.

Тұрғын үй комиссиясы қарау үшін құжаттар Астана қаласы, Хусейн бен Талал, 21/1 үй, 2-қабат, № 207 бөлме мекен жайы бойынша 2024 жылғы 29 қараша күні 18.00 сағатқа дейінгі мерзімде тұрғын үй комиссиясының хатшысына өткізілуі тиіс.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 23 57 00, ішкі. 1166  
8 (7172) 23-57-66, ішкі 1302

*Тұрғын үй алуға үміткерлер* Тұрғын үй комиссиясы төрағасының атына өтініш және өткізетін құжаттардың келесі тізіміне сәйкес құжаттарды тұрғын үй комиссиясына өткізеді:

- 1) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) неке қиу (некені бұзы) туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 3) кадр қызметі тарапынан берілген отбасының құрамы туралы анықтаманың түпнұсқасы;
- 4) үміткердің отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда);
- 5) әлеуметтік демалыста болу мерзімдерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек өтілін растайтын кадр қызметтері беретін анықтамалар;
- 6) педагогикалық шеберлік деңгейін иелену туралы құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 7) Қазақстан Республикасының аумағында үміткерде және оның отбасы мүшелерінде жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама (анықтама Тұрғын үй комиссиясына құжаттарды берген күнге дейін алынуы тиіс);
- 8) Ереженің 10 және 11 тармақтарында көрсетілген өзге де растайтын құжаттар (бар болған жағдайда).

Құжаттар мұқаба бетінде өтініш беруші туралы (аты-жөні, қызметі, құрылымдық бөлімшениң аты (филиал) ақпарат бар қағаз скоросшивательдерде өткізілуі тиіс.